

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2342 Қаулысы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н
К. Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2 3 4 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Мазмұны

1. Миссиясы және пайымдауы
2. Ағымдағы ахуалды талдау
3. Қызметінің стратегиялық бағыттары
4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі
5. Функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал қатерлері
6. Қ а т е р м е н е д ж м е н т і

7. Негізінде Стратегиялық жоспар әзірленген нормативтік құқықтық актілер мен құжаттардың тізбесі

8. Бюджеттік бағдарламалар тізбесі

Миссиясы

Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Пайымдауы

Лайықты еңбектің ілгерілеуін және әлеуметтік қорғаудың конституциялық кепілдерінің іске асырылуын қамтамасыз етуші мемлекеттік орган.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

2008 - 2009 жылдары әлеуметтік-экономикалық сала әлемдік қаржы дағдарысының кері әсерінің ықпалымен дамып келеді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыспен қамтылған халықтың саны 7 862,1 мың адам болды немесе 2008 жылдың басымен салыстырғанда 231 мың адамға көбейді. Бұл ретте 2008 жылдың төртінші тоқсанында 2008 жылдың үшінші тоқсанымен салыстырғанда жұмыспен қамтылған халық санының 63,3 мың адамға азайғаны байқалады. Жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі 2009 жылдың бірінші тоқсанында да жалғасты, экономика салаларындағы өндіріс ауқымының қысқаруына байланысты жалдамалы қызметкерлердің саны аталған кезеңде 31,7 мың адамға қысқарды. 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жұмыссыздар саны 583,1 мың адам болды, ал жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халықтың санынан 6,6%-нан 6,9% - на көбейді.

Ішінара жұмыспен қамту айтарлықтай өріс алды. Егер 2009 жылдың басында 281 кәсіпорын өндірісін ішінара тоқтатса, 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ол сан 590-ға жетті. Ішінара жұмыспен қамту жағдайында 51,1 мың жалдамалы қызметкер жұмыс істейді. Тағы 19,6 мың қызметкер жалақысы сақталмайтын мәжбүрлі еңбек демалысында (жылдың басымен салыстырғанда олардың саны 2 есеге көбейген).

Ағымдағы дағдарысты еңсеру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі дағдарысқа қарсы бағдарлама және оны іске асыру жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралардың жеке жоспарын әзірледі. Оларды іске асыру үшін Ұлттық қор мен республикалық бюджет қаражатынан экономикаға 2,7 трлн. теңге, оның ішінде өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды

қайта даярлау стратегиясын іске асыруға 140 млрд. теңге бағытталды. Жергілікті бюджеттерден қосымша осы мақсаттарға 51,5 млрд. теңге бөлінді.

Көрсетілген жоспарға сәйкес жаңа жұмыс орындары құрылуда, кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жіберілген жұмыссыздардың және халықтың нысаналы топтарының өзге де өкілдерінің саны артуда. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру және жастар практикасын ұйымдастыру бағдарламаларын кеңейту, бос орындар жәрменкесін өткізу және т.б. жөнiнде шаралар қабылданауда.

Қазақстанның еңбек нарығындағы ахуал еңбек ресурстары сапасының төмендігіне байланысты қиындап отыр (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2008 жылдың қорытындысы бойынша деректерге қарағанда, жұмыспен қамтылған халықтың 35 % кәсіби білімі жоқ. Экономиканың еңбекті көп қажетсінетін салаларында жұмыс істейтіндердің үлес салмағының жоғары болуы - жұмыспен қамтылған халықтың 30 % астамы - тиімсіз жұмыспен қамтудың орын алғанын білдіреді). Жұмыс істейтін халықтың үштен бірінен астамы өзін өзі жұмыспен қамтыған болып табылады (оның ішінде бір млн. астам адам өзінің жеке үй шаруашылығымен айналысады), көлеңкелі жұмыспен қамту сақталып отыр.

Жастар мен әйелдер жұмыссыздығының жоғары деңгейі сақталуда.

Қалыптасқан жағдай және экономиканың дағдарыстан кейінгі тұрақты даму жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жұмысынан (жұмысының болмауы) айрылу қатерін басқаруды Министрлік қызметінің басты стратегиялық бағыты ретінде айқындайды.

Еңбек қатынастарын реттеуде мынадай жұмыстардың жандандырылғанын атап көрсету қажет:

- еңбек қатынастарын мемлекеттік кепілдіктерді шарттық бастамамен байланыстыру негізінде жетілдіру;
- ұжымдық-шарттық қатынастарды дамыту;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі қатынастарды регламенттеу;
- әлеуметтік әріптестік және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелерін дамыту.

Жүргізілген «Ұжымдық шарт жасаңыздар!» республикалық акциясының нәтижесінде қолданыстағы ұжымдық шарттардың саны акцияның басынан бері 2 еседен астам өсті (40767), жұмыс берушілердің БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаттарын ілгерілету жөніндегі келісімге қосылуы жалғасуда. Республикада әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша Меморандумдар жасау тәжірибесі дами бастады. Меморандумдар әлеуметтік шиеленістерді қысқартуды және:

- қызметкерлердің жаппай босатылуының алдын алу;

- жұмыс орындарын сақтау және жаңаларын құру;
- халықтың табысын сақтау және жалақыны уақтылы төлеу;
- кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
- ауылдық жерде жұмыспен қамтуға және халықтың нысаналы топтары қатарындағы адамдарды жұмыспен қамту;
- әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық мақсаттағы нысандарды салуға, демеушілік пен қайырымдылық жөніндегі өзара міндеттемелерді көздейді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың халықаралық стандарттарын, мысалы, «Кәсіби еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі. Талаптар» (ҚР СТ 1348-2005); «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ұйымдағы еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қойылатын жалпы талаптар» (ҚР СТ 12.0.001-2005) және «Ұйымдағы еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қойылатын жалпы талаптар» (ҚР МЕМСТ 12.0.230-2007), ХЕҰ-ЕҚБЖ 2001 ILO-OSH 2001 халықаралық стандарты, OHSAS 18001: 1999 «Occupational Health and Safety Assessment Series. Requirements (MOD)» енгізу жөнінде жұмыс жалғастырылуда. Бұл өндірістегі жарақат деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. 2008 жылы өндірістегі жарақат деңгейі 2001 жылғы деңгейге қарағанда 25,5 % төмендеді, жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті 1000 жұмысшыға шаққанда 0,97-ден 0,53 дейін төмендеді.

Қатерді бағалау жүйесін (ҚБЖ) енгізе отырып, еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жетілдіру және еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті нақтылау; қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды енгізу; азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбекақы жүйесін (еңбекақыны қызмет нәтижесі бойынша төлеу) жетілдіру жөнінде шаралар қабылдануда. 2009 жылы бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақы деңгейі 25 % арттырылып, шамамен 43 864 теңгені құрады (2009 жылғы мамыр).

Еліміз бойынша бір қызметкердің орташа жалақысы 2007 жылы 52 479 теңгеден 2008 жылы 60 805 теңгеге дейін өсті. Бір уақытта жасалған салалық үшжақты келісімдер шеңберінде алты салада: тау-кен-металлургия, машина жасау, көмір, мұнай-газ, құрылыс және химия салаларында салалық арттырушы коэффициенттер (Е Т Т С) б е к і т і л д і .

Сонымен қатар, еңбек саласын одан әрі дамыту стратегиясын айқындауда мынадай проблемаларды да назарға алу қажет:

1. Ұжымдық-шарттық қатынастардың жеткілікті дамымауы;
2. Кәсіптік қатерлерді басқару жүйесінің жетілмеуі, соның салдарынан өндірістегі (өліммен аяқталатын) жарақаттанудың біршама жоғары деңгейінің сақталуы;
3. Еңбекті нормалаудың тиімді жүйесінің болмауы. Елде экономикалық қызмет салалары бойынша 174 үлгі еңбек нормалары мен нормативтері қолданылады, бұл

олардың негізгі санының 26 % құрайды. Бұл ретте, аталған нормалар мен нормативтер тек оларды тарифтерді бекіткен кезде монополияға қарсы заңнама үшін қажет ететін ұйымдарда ғана бекітілген.

4. Бюджеттік саладағы еңбекақы деңгейінің төмендігі, ел өңірлеріндегі халық табысын саралау, жалақының өсу деңгейі мен қызметкердің еңбек өнімділігі арасында өзара байланыстың болмауы, сондай-ақ жалақының ең төменгі стандартының жетілмегендігі;

Осыған байланысты, еңбек құқықтарының бұзылуы қатерін басқару Министрлік жұмысының екінші стратегиялық бағыты болуға тиіс.

Көші-қон саясатын іске асыру да Министрліктің құзыретіне жатады. Еуразия құрлығындағы басқа да елдер сияқты Қазақстан да еңбек және этникалық көші-қонның, Транзиттік және заңсыз көші-қон ағындарының айтарлықтай өсуінің әсерін бастан кешіруде. 2004 жылдан бастап елімізде көші-қонның оң сальдосы сақталып отыр.

Ішкі көші-қонның жандануы соңғы жылдардағы ерекшелік болып табылады (2007 - 2008 жылдары 300 мыңнан астам жыл сайын). Ішкі көшіп келушілердің негізгі бөлігі - ауыл тұрғындары. Жалпы еліміз бойынша соңғы бес жыл ішінде (2004 - 2008 жж.) бұған үш миллионнан астам, оның ішінде 1 млн. астам ауыл тұрғындары қатысқан. Ішкі көшіп келушілердің негізгі бөлігі - еңбекке жарамды жастағы адамдар (шамамен 76 % 15-тен 39 жасқа дейінгілер).

2008 жылға дейін шетелдік жұмыс күшін тарту 2005 жылы 24760 адамнан 2007 жылы 58810 адамға дейін едәуір артты, 2008 жылы бұл көрсеткіштің 54204 адамға дейін айтарлықтай төмендегені байқалады. Ағымдағы жылы жергілікті персоналдың мүддесін қорғау мақсатында шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота 2008 жылғымен салыстырғанда 2 есеге азайтылды. 2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 25307 шетел қызметкері жұмысқа тартылған.

Қазақстан шетелде тұратын көпшілік қазақ диаспорасының мұң-мұқтажына жауап беретін этникалық көші-қон саясатын жариялаған және іске асырып жатқан елдің бірі болып табылады. Қуғын-сүргін және қудалау, ұжымдастыру және аштық жылдарында елден кетуге мәжбүр болған қазақтар тарихи отанына қайта оралуға нақты мүмкіндік алды. 1991 жылдан бастап 2009 жылғы қыркүйекке дейінгі кезеңде республикамызға 750 мыңнан астам оралман көшіп келді. Соңғы жылдары елге келген оралмандардың нақты қатары олардың көшіп келу квотасынан айтарлықтай асып отыр.

2008 жылы 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданды. Этникалық көшіп келушілерді; Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген Қазақстанның бұрынғы азаматтарын; еліміздің қолайсыз аудандарында тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды қоныстандыру және олардың жайғасуына жәрдемдесу оның негізгі міндеті болып табылады. Осы бағдарламаның шеңберінде 2009 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында (575 отбасына арналған «Асар» шағын ауданы, Шымкент қ.), Ақмола облысында (279 отбасына

арналған, Красный Яр ауылы, Көкшетау қ.), Шығыс Қазақстан облысында (200 отбасына арналған, Курчатов қ.) қанатқақты жобалар іске асырылуда.

Сонымен қатар, көші-қон саласында: ішкі көші-қон процестерінің бытыраңқы түрде дамуы; шетелдік жұмыс күшін пайдалану тиімділігінің жетіспеушілігі; заңсыз көші-қонның сақталуы; оралмандардың тарихи отанына баяу кірігуі; институционалдық базаның әлсіздігі байқалады.

Осыған орай, көші-қон ағынын реттеудің тиімді және кешенді жүйесін жасау, көшіп кету пиғылын төмендету жөнінде шаралар өткізу, этникалық қазақтардың отанға оралуы саясатын одан әрі іске асыру және Қазақстанның бұрынғы азаматтарының қайта оралуын ынталандыру, заңсыз көші-қон саласындағы бақылауды күшейту - көші-қон саясаты саласының өзекті міндеттері болып табылады.

Осы орайда көші-қон процестерін басқару мәселелері Министрлік қызметінің келесі стратегиялық бағыты болмақ.

Жоғарыда аталған бағыттармен қатар, адам дамуы үшін жағдай жасау әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыруды да қамтиды.

Соңғы жылдары ол көп деңгейлі үлгі шеңберінде дамып келді. 2008 жылы инфляцияның азаматтардың сатып алу қабілетіне ықпал етуін ірқу мақсатында әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыру жөнінде жаңа қадам жасалған болатын. 2008 жылғы 1 шілдеден бастап заңнамалық тұрғыдан ең төмен күнкөріс деңгейінің жаңа мөлшері 12 025 теңге болып белгіленді, осыған сәйкес мемлекеттік базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшері арттырылды. Арттыру 2,3 млн. астам адамды қамтыды.

Ынтымақты зейнетақының мөлшері жыл сайын инфляцияның болжамды деңгейінен ілгерілетіліп индекстелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауына және «Нұр Отан» ХДП саяси тұғырнамасына сәйкес 2012 жылға қарай орташа зейнетақы мөлшерін 2007 жылғымен салыстырғанда 2,5 есеге, оның ішінде 2009 жылы - 25 %-ға, 2010 жылы - 25 %-ға, 2011 жылы - 30 %-ға арттыру болжанады. Сонымен қатар базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2011 жылға қарай ең төмен күнкөріс деңгейінің кемінде 50 % құрайтын болады.

2009 жылғы 1 қаңтардан бастап Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін зейнетақы есептеуге ұсынылатын ең жоғары табысты шектеудің 28 АЕК-ке дейін арттырылуын ескере отырып, орташа есеппен 25 %-ға арттыру жүргізілді. Базалық зейнетақы төлемінің 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап мөлшері 5388 теңге, ал 1 шілдеден бастап - 5487 теңге көлемінде белгіленді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі дамуда. 2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (ЖЗҚ) жұмыс істейді; жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтары 1 721,5 млрд. теңгені құрайды. ЖЗҚ салымшыларының мүддесін қорғау мақсатында міндетті зейнетақы

жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдікті инфляция деңгейін ескере отырып, іске асырудың құқықтық тетігі енгізілді. 2009 жылы осы мақсатқа 1,5 млрд. т е н г е к ө з д е л г е н .

2008 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істейтін әйелдер үшін жүкті болу, босану және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша әлеуметтік сақтандыру е н г і з і л д і .

Осындай оң өзгерістерге қарамастан, Министрлік халықаралық тәжірибеде қолданылатын жоғалтқан табысты алмастырудың ең төменгі стандартына (40 %) кезеңімен жақындауға бағытталған қызметін жалғастыруда, бұл өз кезегінде, әсіресе инфляцияның өсу жағдайында әлеуметтік төлемдерді сатып алу қабілетінің артуына ә с е р е т е д і .

2009 жылы табысты зейнетақы төлемімен алмастыру ставкасы 37,6 %-ға, (МӘСҚ-тан берілетін төлемдерді ескергенде) мүгедектігі және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін әлеуметтік жәрдемақылармен алмастыру ставкасы 30-31 % - ғ а а р т қ а н ы б а й қ а л д ы .

Қарттық туындаған кезде лайықты зейнетақы төлемі деңгейін қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігі; халықты жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен толық қамтымау, ерікті зейнетақы жинақтары жүйесінің даму дәрежесінің жеткіліксіздігі; тиімді, сонымен қатар сенімді және өтімді бағалы қағаздар және т.б. тапшылығы жағдайында зейнетақы жинақтарын тиімді инвестициялау мәселелері өзекті болып т а б ы л а д ы .

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оларды оңалту, кіріктіру жөніндегі жұмыс 2005 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және мүгедектерді оңалтудың 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылды. Осыларға сәйкес негізгі күш-жігер мүгедектіктің алдын алуға; мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарын енгізу; заманауи оңалту және медициналық-әлеуметтік мекемелер мен ұйымдар тапшылығын еңсеру; мүгедектердің жеке қолайсыздығына сәйкес заманауи техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнайы қозғалыс құралдарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға б а ғ ы т т а л д ы .

Әлеуметтік қызмет көрсету саласын кеңейту, арнаулы әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін ұлғайту мақсатында 2008 жылы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заң қабылданды. Қазіргі кезде психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің сапасын, ауқымы мен шарттарын белгілейтін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты әзірленді, қызметтерді көрсету бойынша бірқатар нормативтік құқықтық актілер бекітілді. Арнаулы мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін 2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық

бюджеттен 20,0 млрд. теңге сомасындағы қаражат, оның ішінде 2009 жылы 5,4 млрд. теңге көзделген. Астана, Алматы қалалары, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында үкіметтік емес ұйымдардың арасында психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру бойынша қанатқақты жобалар іске асырылуда.

2010 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі кезеңде психоневрологиялық патологиясы бар балаларға; қарттар мен мүгедектерге, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына толықтыру енгізу ж о с п а р л а н а д ы .

Алайда, әліге дейін бәсекелестік орта тиісінше дамымаған, әлеуметтік қызметкерлер институты жоқ. Бұл өмірдің қиын жағдайларында жүрген адамдарды әлеуметтік қ о л д а у д ы қ и ы н д а т а д ы .

Осының негізінде қарттықтың, асыраушысынан айрылу және мүгедектіктің туындауы салдарынан болатын қатерді басқару Министрлік қызметінің төртінші стратегиялық бағыты болуға тиіс.

Осы бағытта қабылданып жатқан шаралар әлеуметтік көмекпен және әлеуметтік қолдаумен толықтырылуда. Мұндай қолдауға шынайы қажеттілік елде сақталып отырған кедейлікпен байланысты. 2008 жылы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 12,1 %-ды құрады (2007 жылы - 12,7 %), ал ауылдағы кедейлік деңгейі 15,9 % асты. Анағұрлым қамсыздандырылған 10 % халықтың табысы анағұрлым төмен қамсыздандырылған 10 % халықтың табысынан шамамен 7,2 есе а р т ы қ б о л д ы .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 - 2008 жылдардағы Жолдауларына сәйкес кедейлік жағдайынан өз бетімен шығуға мүмкіндігі жоқ, халықтың анағұрлым мұқтаж буындарына берілетін атаулы көмекке баса назар аударылды. Осы мақсатта атаулы әлеуметтік көмек, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, тұрғын үй көмегі, отбасылық және балалар жәрдемақылары жергілікті атқарушы органдардың шешімдері бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік төлемдер пайдаланылды.

Әлеуметтік саясаттың тағы бір маңызды басымдығы ана мен баланы қорғау болды және солай бола береді. 2008 жылдан бастап бала туғанда 30 АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы; бала бір жасқа толғанға дейін сараланған ай сайынғы бала күтімі жөніндегі жәрдемақы (5-тен 6,5 АЕК дейін); аз қамтамасыз етілген отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (1 АЕК); көп балалы аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (3,9 АЕК) төленеді.

Халықтың әлеуметтік осал тобына төленетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері жыл сайын 9% индекстеледі.

Нәтижесінде, экономикадағы уақытша қиыншылықтарға қарамастан, бір миллионнан астам қазақстандыққа қосымша әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде өңірлерде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау үшін әр түрлі әлеуметтік бағдарламалар іске асырылуда.

Қабылданған шараларға қарамастан, елде кедейлік сақталып отыр. Кедейлікке ең алдымен, көп балалы аналар мен ауыл тұрғындары душар болады; жұмыс істейтін кедейлер де бар.

Кедейліктің сақталуының негізгі себептері:
- жұмыссыздық;

- еңбекақының салыстырмалы төмен деңгейі;

- әлеуметтік қамсыздандырудың барабар болмауы;

- кедейліктен шығу жөніндегі белсенді шаралар тиімділігінің төмендігі.

Кедейлік табыс деңгейіндегі елеулі алшақтықтан, әлеуметтік қызметтердің салыстырмалы қол жетімсіздігінен ушығып тұр.

Бұл жағдайда табыстың белгіленген ең төменгі шекті деңгейінен төмен болуы қатерін басқару стратегиясы Министрлік жұмысының бесінші стратегиялық бағыты болып табылады.

3. Қызметінің стратегиялық бағыттары

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары:

1. Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерін басқару

2. Еңбек құқықтарының бұзылуы қатерін басқару

3. Көші-қон процестерін басқару

4. Қарттықтың, асыраушысынан айрылу, мүгедектіктің басталуы салдарынан туындайтын қатерді басқару

5. Табыстың белгіленген ең төменгі шекті деңгейінен төмен болуы қатерін басқару

Қызметінің стратегиялық бағыттары, даму мақсаты және негізгі индикаторлары

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 № 415, 2010.12.27 N 1417 Қаулыларымен.

1-стратегиялық бағыты. Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерін басқару									
	1.1-мақсат	Нысаналы индикатор	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2008 ж	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж
1.1.		1. Жұмыссыздық деңгейі							
		%-бен	6,9	8,0	6,6	6,4	6,2	6,0	5,9
		оның ішінде:							

	Жұмысынан айрылу (әйелдер жұмысының болмауы) қатерінің алдын алу	7,9	8,2	7,1	6,8	6,5	6,2	6,1
	жастар	7,4	8,5	7,4	7,1	6,8	6,6	6,4
	Міндеттер	Көрсеткіштер						
1.1.1.	Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саласындағы заңнамасын жетілдіру	1.Қазақстан Республикасы халқын жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеу (2011 ж.) 2.«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын әзірлеу (2011-2012 жж.)						
1.1.2.	Еңбек нарығының мониторингі және еңбек нарығындағы жағдайды болжау жүйесін жақсарту (ЭБЖМ, ИСМ, ЭМРМ, БҒМ, АШМ, СИМ, ТСМ, СА бірлесіп)	1. «Еңбек нарығы» бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе құру (2009 - 2011 жж.) 2. Жұмыс орындарын құрудың және олардың кадрлық қамтамасыз етілуінің бас тәсімінің (теңгерімінің) жобасын әзірлеу (Индустриаландыру картасының негізінде) (2011-2012 жж.)						
1.1.3.	Қайта құрылымдау, өндіріс көлемін қысқарту және банкротқа ұшырау салдарынан жұмыс күшін босатудың алдын алу	1.Жұмыс орындарын сақтау және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар әзірлеу (2010 - 2014 жж.)						
1.1.4.	Байланыс орталығы арқылы халықтың жұмыспен қамту мәселелері жөнінде хабардар болуын арттыру	1. Жұмыспен қамту мәселелері жөнінде халықтың хабардар болуы үшін Контакт-орталығын құру (2010 - 2011 жж.) 2 . Ақпараттық-консультациялық қызметтермен қамтылған халықтың үлесі						
	%-бен ЭБХ	5	10	15	20	30	35	40
	1.2-мақсат	Нысаналы индикатор						
1.2.	Еңбек ресурстарын дамыту	1. Еңбек ресурстарының құрамындағы білікті қызметкерлердің үлесі						
	%-бен	65,1	65,4	64,8	64,8	64,9	65,0	65,0
	Міндеттер	Көрсеткіштер						
1.2.1.	Экономиканың еңбек ресурстарына қажеттілігін кәсіптік білім беруге сәйкестігін бекітуге жәрдемдесу (жұмыс күшіне болжамды сұраныстың көлемі мен құрылымы) (БҒМ бірлесіп)	1. Мемлекеттік білім беру тапсырысының шеңберінде мамандарды даярлау қажеттігін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу (2010-2014 жж.)						
		1. Кәсіби даярлауға және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздардың және						

1.2.2.	Халықтың нысаналы топтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу	халықтың нысаналы топтарының өзге де өкілдері,							
		мың адам	26,4	85,6	65,5	27,0	28,0	29,0	30,0
		2. ШЖК күшін ауыстыру мақсатында дайындалған жергілікті персоналдың саны,							
		тартылатын ШЖК жалпы санына %	2	5	5	5	7	8	10
1.2.3.	Кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлауда мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту	1. Жұмыс берушілердің қаражаты есебінен кәсіби даярлауға және қайта даярлауға жіберілген адамдардың саны,							
		мың адам	235,5	193	195	200	210	220	240
	1.3-мақсат	Нысаналы индикатор							
1.3.	Жұмыспен тиімді қамтуға жәрдемдесу	1. ЖАО-ға жұмыспен қамту үшін өтініш бергендердің ішінен жұмысқа орналастырылғандардың үлесі,							
		%-бен	87,3	88,0	88,2	88,4	88,6	88,8	90,0
		оның ішінде:							
		әйелдер	84	84,2	84,3	84,4	84,5	84,6	84,8
		жастар	85,4	86	86,2	86,3	86,4	86,6	86,8
		2. Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция «Жұмыс күшіне әйелдердің қатысуы» 7.10-тармағы төмен емес	13	19	20	19	18	17	15
	Міндеттер	Көрсеткіштер							
1.3.1.	Жұмысынан айрылған жағдайда азаматтарды әлеуметтік қорғау құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету а) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу	1. ЖАО-ға жұмыспен қамту үшін өтініш бергендердің қатарынан жұмысқа орналастырылғандардың саны							
		мың адам	197,6	282,6	224,1	228,6	230,3	232,5	234,0
		оның ішінде:							
		әйелдер	100,6	134,8	106,8	108,8	110,2	111,6	112,5
		жастар	59,5	109,3	99,2	99,4	99,6	100,2	100,5
		2. Әлеуметтік жұмыс орындарына,							
		жастар практикасына, мың адам	8,0	72,4	26,4	8,6	8,8	9,0	9,2
қоғамдық жұмыстарға мың адам	2,6	50,4	26,3	4,6	4,8	5	5,2		
	жіберілген адамдардың саны, мың адам	101,2	101,4	94,7	93	92,5	92,0	91,5	

	ә) жұмысынан айрылу қатерін әлеуметтік сақтандыру	1. Әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылған қызметкерлердің үлесі								
		жұмыспен қамтылған халықтың %	67	70	71	72	73	74	75	
		2. Жұмысынан айрылу жөнінде әлеуметтік төлем алатын адамдардың саны								
		мың адам	1,7	136,4	136,4	60	50	18	18	
2-стратегиялық бағыт. Еңбек құқығының бұзылу қатерін басқару										
	2.1-мақсат	Нысаналы индикаторлар	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2008 ж	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	
2.1.	Еңбек құқығының бұзылу қатерінің алдын алу	1. Кәсіпорындардың үлесі:								
		а) ұжымдық-шарттық қатынастар жүйесімен қамтылған,								
		қызмет ететін ірі орта кәсіпорындардың санынан %	91,8	90,0	91,0	92,0	93,0	94,0	95,0	
		ә) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 № 415 Қаулысымен.								
		2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 № 415 Қаулысымен.								
		3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1417 Қаулысымен.								
		4. Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция «Қызметкер - жұмыс беруші қатынасындағы ынтымақтастық» 7.01-тармағы төмен емес	63	76	70	64	58	53	48	
	Міндеттер	Көрсеткіштер								
2.1.1.	Еңбек заңнамасын жетілдіру	1.Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (2010 ж.)								
		2. Еңбекақы төлеудің ең төменгі стандарты енгізілген еңбек жағдайлары зиянды салалардың үлесі (ЕТТС)								
		%-бен	37	56	32	37	42	48	53	
		3. Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингісінде Қазақстанның «Жұмыс күшін жалдау» индикаторы бойынша позициясын күшейту	29	38	38	38	32	29	26	
		1. Келісілген еңбек үлгі нормалары мен нормативтердің саны								
		бірлік	44	44	32	34	25	15	15	
		2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың								

2.1.2.	Еңбектің заманауи стандарттарын әзірлеу және енгізу	халықаралық стандарттарын енгізген кәсіпорындардың үлесі (MOT-CUOT-2001) қызмет ететін кәсіпорындардың жалпы санынан %	2	5	6	7	8	9	10	
3. Ең төменгі жалақының жаңа стандартын белгілеу (2012-2013 жж.)										
2.1.3.	Еңбек қызметінің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету	1. Еңбек жағдайлары бойынша аттестатталған нысандардың саны, кәсіпорындардың саны 2. Ауыр жұмыстарда, зиянды (аса зиянды), еңбек жағдайлары қауіпті және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін өнеркәсіптік, құрылыс, көлік және байланыс, денсаулық сақтау және ғылым кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің саны, мың адам оның ішінде: әйелдер 3. Өндірістік жарақаттану деңгейі өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті 1000 адамға	8000	9500	10000	11000	12000	13000	14000	
			329,4	325,0	320,0	310,0	315,0	310,0	305,0	
			74,8	74,0	72,0	70,0	68,0	66,0	64,0	
			0,7	0,67	0,64	0,61	0,60	0,59	0,58	
2.1.4.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйінің мониторингі	1.«Еңбекті қорғау» бірыңғай автоматталған ақпараттық жүйе құру (2009-2011 жж.)								
2.2-мақсат		Нысаналы индикаторлар								
1. МЕИ тексерулерінің барысында анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтарды жоюдың үлес салмағы			80	85	88	89	90	91	92	
2. Рейтингтік көрсеткіштер - жалақыны белгілеудің икемділігі										
бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция 7.02-тармағы төмен емес			44	40	35	35	35	35	35	
- жұмыспен тұрақты қамту										

2.2.	Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау	бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция 7.03-тармағы төмен емес	22	31	33	30	27	24	21	
		- жұмысқа жалдау және босату практикасы								
		бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция 7.04-тармағы төмен емес	4	12	14	11	8	6	4	
		- жұмыстан босатылуға қатысты шығындар								
		бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция 7.05-тармағы төмен емес	15	15	15	15	15	15	15	
		- еңбекақы және өнімділік								
		бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция 7.06-тармағы төмен емес	33	20	20	18	16	15	14	
	Міндеттер	Көрсеткіштер								
2.2.1.	Еңбекті нормалау жүйесін жетілдіру	1. Еңбекті нормалау жөнінде (мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарға көмек ретінде) әзірленген әдістемелік ұсынымдардың саны								
		бірлік	2	2	2					
2.2.2.	Өндірістің заманауи ұйымдық-техникалық шарттарына және Е у р А з Э Қ ұсынымдарына барабарлығын ескеріп отырып қызметкерлердің біліктілік сипаттамалары жүйесін жетілдіру	1. Қайта қаралған ТББА, БА шығарылымдарының және экономиканың әртүрлі салаларында қызмет ететін лауазымдардың біліктілік сипаттамасының саны								
		бірлік	7	10	12	12	15	12	2	
		2. Кәсіптік стандарттар жүйесін әзірлеу (2013 - 2014 жж.)								
2.2.3.	Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақы жүйесін жетілдіру	1. Бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін әзірлеу (2011 - 2012 жж.)								
2.2.4.		1. БҰҰ еңбек қатынастары саласындағы Ғаламдық шартының қағидаттарын ілгерілету жөнінде Келісімге қосылған қол қоюшылардың саны								
		кәсіпорындардың саны	300	200	250	300	350	400	450	

4.1.	Зейнетақы төлемдері мөлшерінің барабарлығын қамтамасыз ету	1. Сомалық зейнетақы төлемдерінің табысын алмастыру коэффициенті, %	35,0	37,0	39,2	41,6	43,3	42,0	39,5
		бюджеттен төленетін зейнетақы төлемдері ЖЗҚ төленетін зейнетақы төлемдерін ескере отырып	38	40	43	45	47	47	47
		2. МӘЖ орташа мөлшерінің өсу индексі							
		өткен жылға %-бен	121	110,1	109	109	109	107,5	107
	Міндеттер	Көрсеткіштер							
4.1.1.	Әлеуметтік заңнаманы жетілдіру	1. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттырудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу (2010 ж.)							
		2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру параметрлерін жетілдіру (2010 ж.)							
		3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1417 Қаулысымен.							
		4. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу (2010 ж.)							
4.1.2.	Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру	1.Базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері,							
		ЕТҚД шамасына %	40	40	40	50	50	50	50
		2. Орталықтан берілетін зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (ынтымақты зейнетақылар)							
		% өткен жылға	126	125	125	130	110	109,5	109
		3. ЖЗҚ берілетін зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (жинақтаушы зейнетақылар),							
		% өткен жылға	9	9	8	7	7	8	8
4.1.3.	Негізгі әлеуметтік қатарлардың басталуы кезінде МӘСҚ берілетін әлеуметтік төлемдердің деңгейін арттыру	1. МӘСҚ берілетін әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшерінің өсімі							
		өткен жылға %-бен							
		- еңбек ету қабілетінен айрылу	123	123	123	123	123	125	125
		- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша	125	135	135	135	135	130	125
4.1.4.	Халықтың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету	1. Әлеуметтік төлемдердің мөлшері:							
		а) ҰОС қатысушыларының қатарындағы Кеңес одағының Батырлары, III дәрежелі Даңқ орденінің иегерлері							
		алдыңғы жылғыға еселеп	1,07	1,09	9,4	1,09	1,09	1,075	1,07
		ә) Қазақстан ғарышкер ұшқышы атағына ие болған адамдар							
		алдыңғы жылғыға еселеп	-	-	1	1,09	1,09	1,075	1,07

		б) ҰОС қатысушыларының қатарындағы Социалистік Еңбек Ерлері							
		алдыңғы жылғыға еселеп	1,07	1,09	5,08	1,09	1,09	1,075	1,07
		е) басқа да санаттар							
		өткен жылға % -бен	107,0	111,0	109,0	108,5	108,0	107,5	107,0
4.1.5.	Әлеуметтік төлемдерді әкімшілендірудің тиімді жүйесін қамтамасыз ету	1. Электрондық іс-қағаздар макетін қалыптастыру және жүзеге асырылатын төлемдерді электронды тағайындау							
		тағайындалатын төлемдердің көлемінен %	-	10	32	100	100	100	100
	4.2-мақсат	Нысаналы индикаторлар							
4.2.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету	1. Арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамту адам, оның ішінде:	18784	19990	15215	22573	22780	23295	23515
		- балалар	2886	3770	4796	5224	5306	5396	5486
		- мүмкіндігі шектеулі адамдар	9311	9410	10419	10454	10499	10839	10889
		- қарт адамдар	6587	6810	-	6895	6975	7060	7140
	Міндеттер	Көрсеткіштер							
4.2.1.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің құқықтық негіздерін көру	1. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің стандарттарын әзірлеу және енгізу:							
		- психоневрологиялық ауруы бар балалар							
		бірлік		1			-	-	-
		- психоневрологиялық ауруы бар мүгедектер							
		бірлік			1		-	-	-
		- тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар							
		бірлік				1	-	-	-
4.2.2.	Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту	1. Мемлекеттік секторда қызмет көрсетілетін адамдар:							
		- МӨМ-де, адам	-	2650	2650	19804	19804	20104	20104
		- күндізгі бөлімшелерде, адам	30	315	385	485	585	685	785
		2. Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жеке секторда қызмет көрсетілетін адамдар:							
		- үйде қызмет көрсету, мың адам	-	259	287	1731	1831	1931	2031
		- күндізгі бөлімшелерде, адам	-	546	543	553	563	573	583
		1. Әзірленген және өндіріске енгізілген							

4.2.3.	Протездік-ортопедиялық бұйымдарды стандарттау және сертификаттау жүйесін жетілдіру	протездік-ортопедиялық бұйым стандарттарының саны							
		бірлік	-	3	2	1	1	1	1

5-стратегиялық бағыт. Белгіленген ең төмен шекті деңгейден төмен табыстың төмендеу катерін басқару

5.1-мақсат	Нысаналы бағыттар	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
		2008 ж	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	
5.1.	Кедейлік деңгейін төмендетуге жәрдемдесу	1. Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі,							
		%	12,1	13,2	12,3	11,5	15,6	13,2	12,5
	Міндеттер	Көрсеткіштер							
5.1.1.	Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау	1. Жәрдемақылардың мөлшері:							
		- төртінші және одан көп бала тууына байланысты							
		өткен жылға %	213,9	111,0	181,7	108,5	108,0	107,5	107,0
		- бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі жөніндегі							
		өткен жылға %	164,0	111,0	132,7	108,5	108,0	107,5	107,0
		- 18 жасқа дейінгі балаларға арналған							
		өткен жылға %	107,0	111,0	109,0	108,5	108,0	107,5	107,0
		2. 6-7 балалы көп балалы аналарға арнайы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері							
өткен жылға %	107,0	111,0	167,7	109,0	109,0	107,5	107,0		
5.1.2.	Аз қамтамасыз етілген отбасыларды әлеуметтік қолдау	1. Атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің шекті деңгейі							
		ЕТҚД көлеміне %	40	40	40	40	40	40	40
		2. Аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына МБЖ берудің шекті деңгейі							
өткен жылға %	60	60	60	60	60	60	60		
5.1.3.	Аз қамтамасыз етілген халықтың еңбекке қабілетті бөлігінің	1. АӘЖ алушылардың құрамындағы еңбекке қабілетті халықтың үлесі							
		АӘЖ алушылардың жалпы санынан %	37,1	37,6	37,6	36,0	35,0	34,0	32,0
		2. Аз қамтамасыз етілгендердің қатарынан жұмысқа орналастырылған							

	экономикалық белсенділігін ынталандыру	жұмыссыздардың үлес салмағы,							
		уәкілетті органдардың жәрдемдесуімен жұмысқа орналастырылған азаматтардың жалпы санынан %-бен	12,6	13,6	13,8	14,0	14,5	15,0	15,6
5.1.4.	Халықты әлеуметтік қолдау мәселелері жөнінде халықтың хабардарлығын арттыру	1. Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелері жөнінде халықтың хабардар болуы үшін «АӘЖ» АБА Байланыс орталығын құру (2009 - 2011 жж.)							
		2. Ақпараттық-консультациялық қызметтермен қамтылған халықтың үлесі							
		халықтың жалпы санынан %-бен	-	-	-	8	11	12	13

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

	Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаты	Мемлекеттік органның қызметі іске асыруға бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаты	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1-стратегиялық бағыт. Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерін басқару			
1.1-мақсат	Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерінің алдын алу	«4.1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі мақсат халықтың кедейлік деңгейін азайтуға, қайыршылықты жоюға бағдарланған халықты әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру болып табылады.»	«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы
1.2-мақсат	Еңбек ресурстарын дамыту	«4.4. Жұмыспен қамту саласындағы саясат халықтың жұмыспен өнімді қамтамасыз етілу мақсаттарына сүйенгенде ғана табысты болуы мүмкін. Бұған еңбек ресурстары сапасын қамтамасыз ету арқылы ғана қол жеткізуге болады. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін қажетті еңбек ресурстарының сапасы адам ресурстарын дамыту стратегиясы арқылы мүмкін болады.»	«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы
		«4.7.4. Индустриялық-инновациялық стратегияны табысты іске асырудың ажырамас шарты отандық адами капиталдың өсу серпіні болып табылады. Инновациялық дамудың басым және индустриялануы жағдайында білім саласындағы негізгі бағыт жоғары білікті кадрларды мамандықтарына сәйкес даярлау болып табылады.»	«Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы

1.3-мақсат	Жұмыспен тиімді қамтуға жәрдемдесу	<p>« I V - б ө л і м . Ең пәрменді әлеуметтік саясат өнімді еңбекке ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын жасақтау болып келді, әрі солай болып қала береді. Біз, ең алдымен, қандай да бір себептермен жұмысынан айрылып қалған адамдардың еңбекке оралуына нақты мүмкіндіктер туғызуымыз, олардың жаңа мамандық алуына жағдай жасауымыз керек. Сонымен қатар жастар ортасында жұмысшы мамандықтарының, әсіресе өнеркәсіптегі мамандықтың беделін асырып, кеңінен насихаттауды қайтадан қолға алуымыз қажет.»</p>	Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі. Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыт » атты Қазақстан халқына Жолдауы
		<p>« 4 . 4 . 6 . Келесі бағдарламалар тобы халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған санатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бағдарламасы болуға тиіс: әйелдердің, жастардың жұмысқа тартылуын қамтамасыз ету; кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияда есепте тұрған жасөспірімдердің мамандық таңдауына және олардың кәсіптік оқуға жіберуге көмек көрсету; жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға кәсіптік бағдар беруге көмек көрсету; жасөспірімдерді кәсіпорындарда және ұйымдарда және т.б. уақытша жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.»</p>	«Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы
		<p>«Өңірлік жұмыспен қамтылуды және кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз ету үшін мен Үкіметке кемінде 140 млрд. теңге бөлуді тапсырамын. Жергілікті бюджеттерден де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесіп қаржыландыруға ресурстар бөлінуі тиіс. Жұмысынан айрылатындар үшін жаңа жұмыс орындарын құратын боламыз. Төртіншіден, бұл - әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру. Халықты жұмыспен қамту туралы қолданыстағы Заң бізге бюджет қаражатын осы мақсатқа пайдалануға мүмкіндік береді . Біздің бүгінгі міндетіміз - қазіргі бағдарламалардың шеңберін кеңейту. Осы мақсатқа қосымша 8,6 млрд. теңге бөлуді тапсырамын. Сонда біз 96 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз»</p>	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2-стратегиялық бағыт. Еңбек құқығының бұзылу қатерін басқару			
			Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның

2.1-мақсат	Еңбек құқығының бұзылу катерінің алдын алу	<p>«3.8. Нақты іс жүзіне асыру 2006 жылы тұжырымдамасы барлық халықаралық стандарттарға, Халықаралық еңбек ұйымы мен Бүкіл әлемдік сауда ұйымының талаптарына сай келетін Еңбек кодексін қабылдау қажет.»</p> <p>«3-3-бөлім. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында орнықты дамуды қамтамасыз ету мынадай: өнеркәсіп орындарда халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен еңбекті қорғауды енгізу; жұмыс берушілердің де, сондай-ақ жұмысшылардың да қауіпсіздік талаптарын сақтауы үшін қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін тарату мен жауапкершілігін арттыру; тәуекелді бағалау мен оларды басқару жөніндегі шараларды жүзеге асыру; қауіпсіздік нормаларының сақталуы үшін мемлекеттік бақылауды күшейту жүргізу жолымен жүзеге асырылады.»</p>	<p>әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>«Қазақстан Республикасының 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығы</p>
2.2-мақсат	Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау	<p>«III. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру «Нұр Отан» партиясының 5 жылға арналған сайлауалды тұғырнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің тұрмыс деңгейін алдағы уақытта да арттыра беру үшін бізде барлық негіз бар. Жаңа үш жылдық бюджет: бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен өсіру арқылы 2012 жылы 2 есе деңгейге, оның ішінде 2009 жылы - 25%, 2010 жылы - 25%, 2011 жылы 30% арттыруды қамтамасыз етуге тиіс;»</p> <p>«3.6. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің халықаралық стандарттарын енгізу Бізге бизнестің әлеуметтік есептілігінің жалпыға ортақ ережесін әзірлеп, жалпыұлттық міндеттерді шешуде осы саладағы халықаралық озық тәжірибелерге сүйене отырып, оның әлеуметтік жауапкершілігін арттыратын уақыт келді деп ойлаймын. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің стандарттары БҰҰ-ның Ғаламдық шартында айқындалған.»</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
3-стратегиялық бағыт. Көші-кон процестерін басқару			
3.1-мақсат		« III б ө л і м . Тарихи атажұртына көшіп келу үшін оралмандарға бөлінетін жыл сайынғы	Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру

	Басқарылмайтын көші-қон қатерін алдын алу	квотаны 2009 жылы 5 мың отбасына дейін ұлғайтып, жылына 20 мың отбасына жеткізуіміз керек.»	- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
		«4.4.8. Еңбек көші-қонын ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету Өндірістік күштерді орналастырудың схемаларына сәйкес аймақтық еңбек нарықтарында ашылған мүмкіндіктерді ескере отырып, халықтың көші-қон бейімділігін арттыру қажет.»	«Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы Жарлығы
3.2-мақсат	Халықтың көші-қонын реттеу тетігін жетілдіру	<p>«3.7. Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру Бізге оралмандарды арнаулы орталықтарда алдын ала дайындау, қоғамымызға бейімдеу мен кіріктіру үшін жағдай туғызуға көбірек зер салуымыз керек. Басқа елдердегі сияқты кәсіпке баулып, тіл үйретсек, олар жаңа жағдайға тезірек бейімделетін болады.»</p> <p>«3.2.3. Таратып орналастыру жүйесі мен аумақтардың құрылымы Халықтың тұруға және шаруашылық қызметке қолайлы жағдайлары бар аймақтар (11-қосымша) мен елді мекендерге шоғырлануын ынталандыру негізінен экономикалық әдістермен (орта мерзімді кезеңде өтемақылық негізде арнайы көші-қон іс-шараларын жүргізу көзделмейді) мынадай шаралар кешені арқылы жүзеге асырылатын болады: көші-қон ағынын нысаналы реттеу; оралмандарды таратып орналастыру; елге тұрақты мекен-жайға көшу үшін (реэмиграция) шамадан тыс әкімшілік кедергілерді алып тастау; өңірлік еңбек нарықтарындағы ахуалды ескере отырып, жұмыс күші артық өңірлерге шетелдік жұмыс күшін тартуды квоталау; кейіннен жұмыс істейтін кадрлар тапшы нақты өңірлерге жұмысқа орналастыру үшін азаматтарды нысаналы оқыту (қайта оқыту) жөнінде шаралар қабылдау.»</p> <p>«Үшіншіден, өзіміздің көршілерімізбен бірлесіп, жұмыс күштері жылжуының арнайы тәртібін енгізу мәселесін талқылауымыз қажет болуы мүмкін. Біз Орталық Азия өңірі елдерінің білікті жұмыс күшінің еркін, бірақ басқарумен жылжып тұруына қарсы емеспіз.»</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 167 Жарлығы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі. Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыт» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
4-стратегиялық бағыт. Қарттық, мүгедектік, асыраушысынан айрылу және өзге әлеуметтік қатерлердің басталуы салдарынан туындайтын қатерлерді басқару			

4.1-мақсат	Зейнетақы төлемдері мөлшерінің барабарлығын қамтамасыз ету	<p>«Жаңа үш жылдық бюджет: - тұтас алғанда 2007 жылға қарағанда зейнетақылардың орташа мөлшерін 2012 жылға қарай 2,5 есе, оның ішінде 2009 жылы - 25 %, 2010 жылы - 25 % және 2011 жылы - 30 % арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте 2011 жылы арқаулық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі күнкөріс мөлшеріне қарай 50 %-ға дейін өсірілуі тиіс; - мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін 2009 жылдан бастап жыл сайын орта есеппен 9 % арттыруды қамтамасыз етуге тиіс»;</p>	Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2008 жылғы 7 ақпан
		<p>« I I б ө л і м . Әлеуметтік саладағы реформалар әлеуметтік саясаттың бағыттарын мемлекеттің қолда бар нақты мүмкіндіктері мен ресурстарына орай дамытуға жәрдемдесуді мұрат тұтады. Бұл ретте белсенді әлеуметтік саясат экономикалық өрлеудің шектеушісі емес, жеделдетушісі ретінде көрінуге қабілетті. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінде әлеуметтік сақтандыру: медициналық, зейнетақылық, жұмыстылықты (жұмыссыздықтан), мүгедектігін, асыраушысынан айырылуына байланысты сақтандыру айрықша орын алады. Бұл ретте сақтандыру қаражатын қалыптастыруға мемлекет, жұмыс беруші және халықтың өзі қатысатын болады. Іске осы тұрғыдан келу әлеуметтік саясаттың басым компоненті (бөлшегі) ретінде «адам факторының» өркенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық мүмкіндіктерді нығайтуға бағытталған.»</p>	«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы
		<p>«Жиырма екінші бағыт - Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту Үкімет Жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге тиіс . Неғұрлым өзекті міндеттер мыналар: Біріншіден, зейнетақылық жинақтаулардың сақталуы мен кәрілік жеткен кезде олардың жетерлік мөлшерде болуы жөнінде мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету. Екіншіден, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен барынша қамту..»</p>	Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі. Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыт » атты Қазақстан халқына Жолдауы
		«2.4. Жоғарыда айтқанымдай, мемлекеттің қастерлі борышы жұмыс істеу немесе табыс табудың бірдей жағдайына ие болу мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген	Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге

4.2-мақсат	Арнаулы әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз ету	камқорлығы болып табылады. Бұл азаматтарға көмектесу - біздің қоғамымыздың ізгілену мен кемелдену дәрежесінің көрінісі, сіздер мен біздің борышымыз. Осынау борышымызды атқаратын мезгіл мен мүмкіндік туды.»	қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» атты Қазақстан халқына <u>Жолдауы</u>
		«Әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің нарықтық экономика талаптарына сай қайта бағдарлануы Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат. Әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттары енгізу әлеуметтік қызмет көрсету ісімен шұғылданатын ұйымдардың қызметін міндетті түрде лицензиялауды кіргізу және олардың жұмысшыларын тіркеу керек болады.»	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауы
5-стратегиялық бағыт. Белгіленген ең төмен шекті деңгейден төмен табысты азайту тәуекелін басқару			
5.1-мақсат	Кедейлік деңгейін төмендетуге жәрдемдесу	«4.4.10. Әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік саясатында есептік көрсеткішті емес, ең төменгі күнкөрістік мөлшерді деңгейін қолдану қажет. Оның үстіне атаулы әлеуметтік көмек шын мәнінде мұқтаждарға көрсетілуге тиіс.	«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы Жарлығы
